

Жоғары білімі бар мамандарды даярлаудың 2019 - 2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2019 жылғы 19 шілдедегі № 43/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 шілдеде № 5414 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" заңдарына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жоғары білімі бар мамандарды даярлаудың 2019 – 2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Қошанов

Қарағанды облысы әкімдігінің
2019 жылғы 19 шілдедегі
№ 43/01 қаулысына
1 қосымша

2019-2020 оқу жылына арналған жоғары білімді мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен) Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 14.01.2021 № 04/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

р / с	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Жоғары білім дайындау бағыттарының коды және жіктеуіші	2019-2020 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі	Оқу жылы ішінде 1 студентті оқытуға жұмсала-тын орташа шығыстар (мың теңге) ұлттық жоғары оқу орындарын-да/ басқа жоғары оқу орындарында
		6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу	5	635,8/443,3

		және оқыту педагогикасы		
1	6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6В013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	10	635,8/443,3
		6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	10	635,8/443,3
		6В019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	10	635,8/443,3
2	6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6В021 Өнер	5	635,8/371,8
3	6 В 0 3 Өлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6В032 Журналистика және ақпарат	10	635,8/342,9
4	6 В 0 7 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6В072 Өндірістік және өңдеу салалары	5	635,8/635,8
5	6 В 0 9 Ветеринария	6В091 Ветеринария	5	635,8/349,4
	Барлығы		60	

Қарағанды облысы әкімдігінің
2019 жылғы 19 шілдедегі
№ 43/01 қаулысына
2 қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2019-2020 оқу жылына арналған нысаналы трансферт есебінен көп балалы және аз қамтылған отбасыларының балалары үшін жоғары білімді мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы (нысаналы ағымдағы трансферт сомасы есебінен) Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 14.01.2021 № 04/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

р / с	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Жоғары білім дайындау бағыттарының коды және жіктеуіші	2019-2020 оқу жылына мемлекеттік	Оқу жылы ішінде 1 студентті оқытуға жұмсала-тын орташа шығыстар (мың теңге) ұлттық жоғары оқу орындарын-да/ басқа
-------	---	--	----------------------------------	---

		білім беру тапсырысының көлемі	жоғары оқу орындарында	
1	6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B011 Педагогика және психология	2	635,8/443,3
		6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	2	635,8/443,3
		6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	2	635,8/443,3
		6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	10	635,8/443,3
		6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	4	635,8/443,3
		6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	5	635,8/443,3
		6B019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	5	635,8/443,3
2	6 B 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 B 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	40	635,8/635,8
		6B062 Телекоммуникациялар	10	635,8/635,8
3	6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B071 Инженерия және инженерлік іс	45	635,8/635,8
		6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	45	635,8/635,8
		6B073 Сәулет және құрылыс	20	635,8/635,8
		6B075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	5	635,8/635,8
Барлығы		195		